

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2023 жылдың XX айындағы  
№ XX отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2023 жылдың XX айынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Сауда-клирингтік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ТӘРТІБІ

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

**1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылдың 27 маусымындағы № 60 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 03 маусымынан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Тәртіп "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және биржалық нарықтарда сауда-клирингілік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібін анықтайды.

**1 бап. Негізгі ұғымдар және шартты белгілер**

1. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдермен бірдей.
2. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) **ақшалай есеп айырысу** – орталық контрагенттің (бұдан әрі – ОК) қатысуымен қор нарығында жасалатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ақшамен есеп айырысу;
  - 1-1) **margin-call** – клирингілік ұйымның оның қатысушысына жартылай қамтамасыз етіле отырып қойылатын талабы:
    - қор және/немесе валюта нарығындағы ОК-пен мәмілелер жасасу үшін пайдаланылатын сауда-клирингілік шот бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәнін клирингілік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен теріс емес мәнге бойынша;
    - клирингілік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен есеп айырысу коды бойынша берешекті өтеу бойынша;

*(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

- 2) **клирингілік жүйе** – клирингілік қызметті жүзеге асыруға арналған бағдарламалық-техникалық құралдардың, деректемелер қорының, телекоммуникациялық құралдардың, Биржаның өзге де жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз етуінің жиынтығы;
- 3) **есеп айырысу коды** – орындалу күнін, мәмілелерді қамтамасыз етуді бақылау процедурасын, клиринг пен есеп айырысу тәсілін анықтайтын код;
- 4) **KASE бөлімі** – есеп айырысу ұйымы ретінде "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) есепке алу жүйесінде Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздарда енгізілген қамтамасыз етуді есепке алу және нетто-негіздегі клирингтің қорытындылары бойынша ОК қатысуымен сауда-саттық тәртіптемесінде жасалған мәмілелер (бұдан әрі – ОК-мен мәмілелер) бойынша бағалы қағаздардағы нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды орындау және гросс-негіздегі клиринг қорытындылары бойынша ОК-нің қатысуынсыз сауда-саттық тәртіптемесінде жасалған мәмілелер (бұдан әрі – ОК-сыз мәмілелер) мақсатында бағалы қағаздар бойынша және бойынша бағалы қағаздардағы міндеттемелер мен талаптарды орындау мақсатында ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың бөлімі (сауда-клирингілік жүйеде "Сауда-саттыққа арналған" деген белгісі бар) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 5) **Репо бөлімі** – сауда-саттық тәртіптемесінде сатып алу-сату бағытымен ОК қатысуынсыз (бұдан әрі - ОК-сыз репо) жүзеге асырылған репо операцияларына жататын ашу мәмілесін орындау кезінде бағалы қағаздарды бұғаттау мақсатында Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу бөлігінде есеп айырысу ұйымы ретінде Орталық депозитарийде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың "Репо" бөлімі (сауда-клирингілік жүйеде "Репоға

- бұғатталған" деген белгісі бар) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 6) **GCGlobal бөлімі** – сауда-саттыққа қатысушы мүліктік пулға енгізген бағалы қағаздарды есепке алу мақсатында Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу бөлігінде есеп айырысу ұйымы ретінде Орталық депозитарийде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың "GC Global" бөлімі (сауда-клирингілік жүйеде "Мүліктік пул" деген белгісі бар) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 7) **есептік код** – сауда-саттық жүйесінде берілетін өтінімдер мен жасалатын мәмілелерді қамтамасыз ететін қаржы құралының түріне, сондай-ақ осындай мәмілелер бойынша туындайтын міндеттемелер мен талаптардың сипатына қарай "+" қамтамасыз ету шоты/"0" қамтамасыз ету шоты/МП қамтамасыз ету шоты/KASE бөлімі/Репо бөлімі/ GCGlobal бөлімі;
  - 8) **"+" қамтамасыз ету шоты** – Биржаның Қазақстан теңгесіндегі және/немесе шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы ақшаның ішкі есебін жүргізуге арналған Биржаның ақпараттық жүйелеріндегі тіркеу жазбалары мен басқа да белгілердің жиынтығын білдіретін Биржаның есепке алу шоты;
  - 9) **"0" қамтамасыз ету шоты** – гросс-негізде ОК-сыз әрбір жасалған мәмілелер бойынша ақшадағы міндеттемелер мен талаптарды орындау мақсатында Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес қор нарығында (ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде) ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы ретінде Орталық депозитарийдегі есеп шотына сәйкес ашылған клирингілік қатысушының шоты *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 10) **мүліктік пулды (МП) қамтамасыз ету шоты** – Биржаның Қазақстан теңгесіндегі және/немесе шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы тиісті мүліктік пулдарға сауда-саттыққа қатысушылар енгізетін ақшаның ішкі есебін жүргізуге арналған Биржаның ақпараттық жүйелеріндегі тіркеу жазбаларының және басқа да белгілердің жиынтығын білдіретін Биржаның есепке алу шоты;
  - 11) **есепке алу жүйе** – Биржаның корреспонденттік шоттарындағы ақшаны есепке алуға, сондай-ақ олар бойынша жүргізілген операциялар туралы деректерді сақтауға арналған Биржаның ақпараттық жүйесі.

## 2 бап.

### Жалпы қағидалар

1. Сауда-саттыққа қатысушының және/немесе оның клиенттерінің сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған қаржы құралдарын және ақшасын, сауда-саттыққа қатысушының қаржы құралдары бойынша талаптарын және/немесе міндеттемелерін есепке алуды жүргізу, сондай-ақ сауда-клирингілік жүйеде қамтамасыз етуді есепке алу мақсатында сауда-саттық және клирингілік шоттары ашылады.
2. Сауда-саттық шотының және онымен байланысты клирингілік шоттың нөмірі бойынша сәйкес келетін жиынтығы сауда-клирингілік шотты білдіреді.
3. Сауда-клирингілік жүйеде мынадай қаржы құралдарымен мәмілелерді және өзге де операцияларды ішкі есепке алу үшін сауда-клирингілік шоттар ашылады және жүргізіледі:
  - 1) қор нарығында: теңге, шетел валюталары, бағалы қағаздар, клирингілік қатысу сертификаттары;

- 2) валюта нарығында: теңге және шетел валюталары.
4. Сауда-клирингілік шот сауда-саттыққа қатысушыға, сауда-саттыққа қатысушының клиентіне, сондай-ақ Биржаға немесе клирингілік ұйымға клирингілік қызметті жүзеге асыру және ОК функцияларын орындау үшін ашылуы мүмкін.
5. Сауда-клирингілік шоттарға кодтар беру тәртібі Биржаның мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы Биржаның ішкі құжатында анықталған *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Биржа осы тармақтың екінші абзацында белгіленген шоттарды қоспағанда, сауда-саттық, клирингілік және сауда-клирингілік шоттарын дербес ашады, жүргізеді және жабады.

қор нарығында клирингілік және сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды Биржа "KASE клирингілік орталығы" АҚ-мен (бұдан әрі – клирингілік ұйым) жасалған биржалық нарықтардағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу-клирингілік функцияларды және контрагентінің функцияларын жүзеге асыру туралы келісім-шарт (келісім) шеңберінде клирингілік ұйымның ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен жүзеге асырады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Сауда-клирингілік жүйеде өтінімдер беру, мәмілелер жасасу және қаржы құралдарымен өзге де операцияларды жүзеге асыру сауда-клирингілік жүйеде міндетті параметр болып табылатын сауда-клирингілік шоттарын көрсете отырып жүзеге асырылады.

### 3 бап.

#### Сауда-саттық шоттары

1. Сауда-саттық шоты Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі берілетін өтінімдер, жасалатын мәмілелер, есеп айырысуға жүзеге асырылатын аударымдар, қамтамасыз ету аударымдары және сауда-саттық жүйесінде қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу жөніндегі өзге де операциялар туралы ақпараттың ішкі есебін жүргізуге арналған тіркеу жазбаларының және басқа да белгілердің жиынтығын білдіреді.
2. Сауда-саттық шоты жасалатын мәмілелердің және жүргізілетін операциялардың сипатына қарай былайша бөлінеді:
  - 1) өтінімдердің, мәмілелердің және ОК қатысуымен жүргізілетін өзге операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын ақшалай сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **"+" ақшалай сауда-саттық шоты**). "+" ақшалай сауда-саттық шоты қамтамасыз ету нөмірі бойынша оған сәйкес келетін "+" шотына байланысты;
  - 2) өтінімдердің, мәмілелердің және ОК қатысуынсыз жүргізілетін өзге операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын ақшалай сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **"0" ақшалай сауда-саттық шоты**). "0" ақшалай сауда-саттық шоты қамтамасыз ету нөмірі бойынша оған сәйкес келетін "0" шотына байланысты;
  - 3) қатысудың клирингілік сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа қатысушылар енгізген өтінімдердің, мәмілелердің және ақшамен жасалатын өзге де операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын ақшалай сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **МП ақшалай сауда-саттық шоты**). МП ақшалай сауда-саттық шоты қамтамасыз ету нөмірі бойынша оған сәйкес келетін МП шотымен байланысты;

- 4) өтінімдердің, мәмілелердің және ОК қатысуымен жүргізілетін өзге де операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын депо сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **сауда-саттыққа арналған депо сауда-саттық шоты**). Сауда-саттыққа арналған депо сауда-саттық шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін KASE бөлімімен байланысты;
  - 5) өтінімдердің, мәмілелердің және ОК қатысуынсыз жүргізілетін өзге де операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын депо сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **бұғаттауға арналған депо сауда-саттық шоты**). Бұғаттауға арналған депо сауда-саттық шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін Репо бөлімімен байланысты;
  - 6) қатысу клирингілік сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа қатысушылар енгізген өтінімдердің, мәмілелердің және бағалы қағаздармен жасалатын өзге де операциялардың параметрлерін есепке алу және растау үшін пайдаланылатын депо сауда-саттық шоты (бұдан әрі – **МП депосы сауда-саттық шоты**). МП депосы сауда-саттық шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін GCGlobal бөлімімен байланысты.
3. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде Биржа мынадай шоттар ашады және жүргізеді:
    - 1) ақшалай сауда-саттық шоттары: "+" ақшалай сауда-саттық шоты, "0" ақшалай сауда-саттық шоты, МП ақшалай сауда-саттық шоты;
    - 2) депо сауда-саттық шоттары: сауда-саттық арналған депо сауда-саттық шоты, бұғаттауға арналған депо сауда-саттық шоты, МП депосы сауда-саттық шоты.
  4. Валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде Биржа тек қана "+" ақша сауда-саттық шоттарын ашады және жүргізеді.
  5. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде ашылатын сауда-саттық шоттары ол үшін ашылатын сауда-саттыққа қатысушы қызметінің және ол жасайтын мәмілелер мен қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың сипатына қарай былайша бөлінеді:
    - 1) берілетін өтінімдер туралы және сауда-саттыққа қатысушының өз атынан және оның өз мүдделері үшін жасалатын мәмілелер мен қамтамасыз етумен жасалатын өзге де операциялар туралы ақпаратты есепке алуға арналған **1-деңгейдегі меншікті сауда-саттық шоты**;
    - 2) сауда-саттыққа қатысушының атынан және оның клиенттерінің мүддесі үшін ақшамен қамтамасыз ете отырып жасайтын операциялары туралы ақпараттың біріктірілген есебін жүргізуге арналған **клиенттік біріктірілген сауда-саттық шоты**;
    - 3) сауда-саттыққа қатысушы клиенттер бөлінісінде оның клиенттерінің атынан және мүдделері үшін жасалатын сауда-саттыққа қатысушы беретін өтінімдер туралы ақпаратты есепке алуды және қамтамасыз етумен жасалатын өзге де операцияларды жүргізуге арналған **1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шоты**. 1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шоты оған нөмірі бойынша сәйкес келетін "+" клиенттік біріктірілген қамтамасыз ету шотымен байланысты;
    - 4) сауда-саттыққа қатысушы клиенттердің жиынтығы бойынша біріктірілген сауда-саттыққа қатысушының атынан және оның клиенттерінің мүддесі үшін жасалатын сауда-саттыққа қатысушы беретін өтінімдер туралы ақпаратты және қамтамасыз етумен жасалатын өзге де операцияларды есепке алуды жүргізуге арналған **жайғасымдарды біріктірілген есепке алуға арналған клиенттік сауда-саттық шоты**;

- 5) ҚБЖ пайдаланушысы оның клиенттерінің атынан және мүдделері үшін жүзеге асыратын ақшамен жасалатын операциялардың орындалуы туралы ақпараттың біріктірілген есебін жүргізуге арналған **біріктірілген кастодиандық сауда-саттық шоты**;
- 6) ҚБЖ пайдаланушысы оның клиенттерінің атынан және мүдделері үшін ҚБЖ пайдаланушысы жүзеге асыратын қаржы құралдарымен операциялардың орындалуы туралы ақпаратты ҚБЖ клиенттері бөлінісінде бөлектелген есепке алуды жүргізуге арналған **1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген кастодиандық сауда-саттық шоты**. 1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген кастодиандық сауда-саттық шоты нөмір бойынша оған сәйкес келетін "+" біріктірілген кастодиандық қамтамасыз ету шотымен байланысты;
- 7) сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы ҚБЖ пайдаланушысы клиентінің атынан және оның мүддесі үшін жасасатын берілетін өтінімдер және қамтамасыз етумен жасалатын өзге де операциялар туралы ақпаратты есепке алуға арналған **2-деңгейдегі меншікті сауда-саттық шоты**;
- 8) сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы ҚБЖ пайдаланушысы клиенттерінің атынан және олардың мүддесі үшін жасасатын берілген өтінімдер және қамтамасыз етумен жасалатын өзге операциялар туралы ҚБЖ пайдаланушысы клиенттерінің бөлінісінде бөлектелген өтінімдер туралы ақпаратты есепке алуды жүргізуге арналған **2-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шоты**. 2-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шоты оған нөмір бойынша сәйкес келетін "+" біріктірілген қамтамасыз ету шотымен байланысты;
- 9) сауда-саттыққа қатысушының өз атынан және оның өз мүдделері үшін МП-ға енгізілетін мәмілелер мен қаржы құралдарымен жасалатын өзге де операциялар туралы ақпаратты есепке алуға арналған МП-дың меншікті сауда-саттық шоты (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
- 10) сауда-саттыққа қатысушының атынан және оның клиенттерінің мүддесі үшін жасалатын берілетін өтінімдер және МП-ды қамтамасыз ете отырып жасалатын өзге де операциялар туралы ақпаратты сауда-саттыққа қатысушының клиенттері бөлінісінде есепке алуды жүргізуге арналған МП-дың сегреацияланған клиенттік сауда-саттық шоты. Мүліктік пулдың клиенттік сегреацияланған сауда-саттық шоты тиісті нөмірі бойынша оған сәйкес келетін МП қамтамасыз етудің агрегацияланған шотымен байланысты (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
- 11) сауда-саттыққа қатысушы клиенттердің жиынтығының атынан және мүдделері үшін жасасатын берілген өтінімдер және МП-ға енгізілетін қаржы құралдарымен жасалатын өзге де операциялар туралы ақпаратты сауда-саттыққа қатысушының клиенттерінің жиынтығы бойынша агрегацияланған есепке алуды жүргізуге арналған жайғасымдарды агрегацияланған есепке алуға арналған МП-дың клиенттік сауда-саттық шоты (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
- 12) ҚБЖ пайдаланушысы оның клиенттерінің атынан және мүдделері үшін жүзеге асыратын МП-ға енгізілетін қаржы құралдарымен операциялардың орындалуы туралы ақпаратты ҚБЖ пайдаланушысы клиенттері бөлінісінде сегреацияланған есепке алуды жүргізуге арналған МП-дың клиенттік сегреацияланған кастодиандық сауда-саттық шоты. МП-дың клиенттік сегреацияланған кастодиандық сауда-саттық шоты нөмірі бойынша сәйкес келетін МП қамтамасыз етудің агрегацияланған шотымен байланысты (*осы тармақша Биржа*

*Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

6. Сауда-саттық шоты ашылған кезде тиісті есеп айырысу кодымен байланысады.

#### 4 бап.

#### Клирингілік шоттар

1. Клирингілік шот өтінімдер, мәмілелер, есеп айырысуға аударымдар, қамтамасыз ету аударымдары және клирингілік жүйеде қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу бойынша өзге де операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі тіркеу жазбаларының және басқа да белгілердің жиынтығын білдіреді.
2. Клирингілік шот жасалатын мәмілелер мен жүргізілетін операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін ескерілетін қаржы құралдарының түріне, сондай-ақ жасалатын мәмілелер мен жүргізілетін операциялардың сипатына қарай былайша бөлінеді:
  - 1) мәмілелер, өтінімдер және ОК қатысуымен валюта және қор нарықтарында жүргізілетін өзге операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын ақшалай клирингілік шот (бұдан әрі – **"+" ақшалай клирингілік шоты**). "+" ақша клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін "+" қамтамасыз ету шотымен байланысты;
  - 2) мәмілелер, өтінімдер және ОК қатысуынсыз жүргізілетін өзге операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын ақшалай клирингілік шот (бұдан әрі – **"0" ақшалай клирингілік шоты**). "0" ақша клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін "0" қамтамасыз ету шотымен байланысты;
  - 3) қатысудың клирингілік сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа қатысушылар енгізген өтінімдер, мәмілелер және ақшамен жасалатын өзге операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын ақшалай клирингілік шот (бұдан әрі – **МП ақшалай клирингілік шоты**). МП ақшалай клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін МП қамтамасыз ету шотымен байланысты;
  - 4) ОК қатысуымен жүзеге асырылатын өтінімдер, мәмілелер және өзге операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын депо клирингілік шоты (бұдан әрі – **сауда-саттыққа арналған депо клирингілік шоты**). Сауда-саттыққа арналған депо клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін KASE бөлімімен байланысты;
  - 5) өтінімдер, мәмілелер және ОК қатысуынсыз жүзеге асырылатын өзге операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын депо клирингілік шоты (бұдан әрі – **бұғаттауға арналған депо клирингілік шоты**). Бұғаттауға арналған депо клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін Repo бөлімімен байланысты;
  - 6) қатысудың клирингілік сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа қатысушылар енгізген өтінімдер, мәмілелер және бағалы қағаздармен жасалатын өзге де операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын депо клирингілік шоты. МП депо клирингілік шоты нөмірі бойынша оған сәйкес келетін GCGlobal бөлімімен байланысты.



3. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде Биржа мыналарды ашады және жүргізеді:
  - 1) ақшалай клирингілік шоттар: "+" ақшалай клирингілік шоты, "0" ақшалай клирингілік шоты, МП ақшалай клирингілік шоты;
  - 2) депо клирингілік шоттары: сауда-саттыққа арналған депо клирингілік шоты, бұғаттауға арналған депо клирингілік шоты, МП депосы клирингілік шоты.
4. Валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде Биржа тек қана "+" ақша клирингілік шоттарын ашады және жүргізеді.
5. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде ашылатын клирингілік шоттар ол үшін ашылатын сауда-саттыққа қатысушы қызметінің сипатына және қамтамасыз ету түріне, мәмілелер және клирингілік жүйеде қамтамасыз ете отырып, өзге операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша талаптар мен міндеттемелерге қарай былайша бөлінеді:
  - 1) мәмілелер, өтінімдер және өзге операциялар бойынша 1-ші деңгейдегі меншікті сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар және міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **1-ші деңгейдегі меншікті клирингілік шот** (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 2) 1-деңгейдегі клиенттік біріктірілген сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен ақшамен қамтамасыз ету, ақша бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **клиенттік біріктірілген клирингілік шот**;
  - 3) 1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен өтінімдер, мәмілелер және өзге де операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген клирингілік шот**;
  - 4) жайғасымдарды біріктірілген есепке алу үшін 1-деңгейдегі клиенттік сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен өтінімдер, мәмілелер және өзге операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **жайғасымдарды біріктірілген есепке алуға арналған клиенттік клирингілік шот**;
  - 5) 1-деңгейдегі біріктірілген кастодиандық сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен ақша бойынша операциялары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **біріктірілген кастодиандық клирингілік шот**;
  - 6) 1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен өтінімдер, мәмілелер және өзге де операциялар бойынша қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **1-деңгейдегі клиенттік бөлектелген кастодиандық клирингілік шот**;
  - 7) меншікті сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын мәмілелер, өтінімдер және өзге де операциялар бойынша мүлктік пулға енгізілетін қаржы құралдары бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **МП меншікті клирингілік шоты** (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);

- 8) клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын өтінімдер, мәмілелер және өзге де операциялар бойынша мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **МП клиенттік сегрегацияланған клирингілік шоты** (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 9) жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін МП-дың клиенттік сауда-саттық шотын пайдалана отырып жасалатын қамтамасыз етумен өтінімдер, мәмілелер және өзге де операциялар бойынша МП-ға енгізілетін қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **жайғасымдарды агрегацияланған есепке алуға арналған МП клиенттік клирингілік шоты** (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 10) МП-ды біріктірілген кастодиандық сауда-саттық шотын пайдалана отырып, ҚБЖ пайдаланушысы өз клиентінің атынан және оның мүддесі үшін жасасатын қамтамасыз ету операциялары бойынша мүліктік пулға енгізілетін ақша бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған **МП клиенттік сегрегацияланған кастодиандық клирингілік шоты** (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Сауда-клирингілік жүйеде ашылған, шот нөмірі бойынша бір-біріне сәйкес келетін клирингілік шоттардың жиынтығы клирингілік шотты білдіреді.
  7. Ашу кезінде клирингілік шот тиісті есеп айырысу кодымен байланыстырылады.

#### 5 бап.

#### Биржалық нарықтарда сауда-клирингілік шоттарын ашу және жабу тәртібі

1. Қор нарығының сауда-саттығына әрбір қатысушы үшін Биржа сауда-клирингілік жүйеде сауда-клирингілік шоттардың мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
  - 1) мыналардың жиынтығы болып табылатын 1-ші деңгейдегі меншікті сауда-клирингілік шот (бұдан әрі - **"S" СКШ**):
    - 1-ші деңгейдегі меншікті сауда-саттық шоты;
    - 1-ші деңгейдегі меншікті сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі меншікті клиенттік клирингілік шот;
  - 2) мыналардың жиынтығы болып табылатын клиенттік агрегацияланған сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **"L" СКШ**):
    - клиенттік агрегацияланған сауда-саттық шоты;
    - клиенттік агрегацияланған сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысқан клиенттік агрегацияланған клирингілік шот;
  - 3) мыналардың жиынтығы болып табылатын 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-клирингілік шот (бұдан әрі - **"I" СКШ**):
    - 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шоты;
    - 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шотына нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған клирингілік шот;

- 4) мыналардың жиынтығы болып табылатын жайғасымдарды агрегатталған есепке алуға арналған клиенттік сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **"О" СКШ**):
  - 1-ші деңгейдегі жайғасымдарды агрегацияланған есепке алуға арналған клиенттік сауда-саттық шоты;
  - 1-ші деңгейдегі жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін клиенттік сауда-саттық шотына нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін клиенттік клирингілік шот.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

2. ҚБЖ пайдаланушысы болып табылатын қор нарығының сауда-саттыққа әрбір қатысушысы үшін Биржа сауда-клирингілік жүйеде сауда-клирингілік шоттарының мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
  - 1) мыналардың жиынтығы болып табылатын 1-ші деңгейдегі агрегациялан кастодиандық сауда-клирингілік шот (бұдан әрі - **"К" СКШ**):
    - 1-ші деңгейдегі агрегацияланған кастодиандық сауда-саттық шоты;
    - 1-ші деңгейдегі жиынтық кастодиандық сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі агрегацияланған кастодиандық клирингілік шот;
  - 2) мыналардың жиынтығы болып табылатын 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған кастодиандық сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **"С" СКШ**):
    - 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған кастодиандық сауда-саттық шоты;
    - 1-деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған кастодиандық сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысқан 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған кастодиандық клирингілік шот.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

3. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы болып табылатын қор нарығының сауда-саттығына әрбір қатысушы үшін Биржа сауда-клирингілік жүйеде сауда-клирингілік шоттардың мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
  - 1) мыналардың жиынтығы болып табылатын 2-ші деңгейдегі меншікті сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **2-ші деңгейдегі "S" СКШ**):
    - 2-ші деңгейдегі меншікті сауда-саттық шоты;
    - 2-ші деңгейдегі меншікті сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі меншікті клирингілік шот;
  - 2) мыналардың жиынтығы болып табылатын 2-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **2-ші деңгейдегі "I" СКШ**):
    - 2-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шоты;
    - 2-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысқан 1-ші деңгейдегі клиенттік сегрегацияланған клирингілік шот;

- 3) мыналардың жиынтығы болып табылатын жайғасымдарды жиынтық есепке алу үшін 2-ші деңгейдегі клиенттік сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **2-ші деңгейдегі "О" СКШ**):
- жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін 2-ші деңгейдегі клиенттік кастодиандық сауда-саттық шоты;
  - 2-ші деңгейдегі клиенттік кастодиандық сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысты жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін 1-ші деңгейдегі клиенттік клирингілік шот.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Валюта нарығының сауда-саттығына әрбір қатысушы үшін Биржа сауда-клирингілік жүйеде сауда-клирингілік шоттардың мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
- 1) мыналардың жиынтығы болып табылатын меншікті сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **"S" СКШ**):
- жеке сауда-саттық шоты;
  - жеке сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысқан жеке клиенттік клирингілік шот;
- 2) мыналардың жиынтығы болып табылатын клиенттік агрегацияланған сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – **"L" СКШ**):
- клиенттік агрегацияланған сауда-саттық шоты;
  - клиенттік агрегацияланған сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысқан клиенттік агрегацияланған клирингілік шот.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

5. Деривативтер нарығының сауда-саттығына әрбір қатысушы үшін Биржа сауда-клирингілік жүйеде сауда-клирингілік шоттардың мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
- 1) мыналардың жиынтығын білдіретін меншікті сауда-клирингілік шот:
- есеп айырысу фирмасының коды;
  - сауда-саттыққа қатысушының меншікті шотының реттік нөмірін білдіретін цифрлар;
- 2) мыналардың жиынтығын білдіретін клиенттік сауда-клирингілік шот:
- есеп айырысу фирмасының коды;
  - сауда-саттыққа қатысушының клиенттік шотының реттік нөмірін білдіретін цифрлар;
- 3) мыналардың жиынтығын білдіретін меншікті тарату сауда-клирингілік шоты:
- есеп айырысу фирмасының коды;
  - сауда-саттыққа қатысушының тарату шотын білдіретін символдар (OWlad);
- 4) мыналардың жиынтығын білдіретін клиенттік тарату сауда-клирингілік шоты:
- есеп айырысу фирмасының коды;
  - сауда-саттыққа қатысушының тарату шотын білдіретін символдар (CLlad).

6. Биржаның сауда-саттыққа қатысушыға теңге және АҚШ доллары валюталарында "S" СКШ және "L" СКШ ашуы үшін негіз Басқарма мүшесіне тиісті биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін беру туралы шешімі болып табылады.
7. Клирингілік қатысушыға теңге және АҚШ доллары валюталарында "K" СКШ ашу үшін негіз оны Биржаның ҚБЖ пайдаланушысы ретінде тіркеуі болып табылады.
8. Биржаның қор нарығының сауда-саттыққа қатысушысына теңгемен және АҚШ долларымен "I" СКШ/ "O" СКШ/ "C" СКШ ашуы тиісті жеке шот ашылған күннен кейінгі келесі жұмыс күні Орталық депозитарийден күн сайын келіп түсетін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде сауда-саттыққа қатысушының клиентіне жеке шот ашуы туралы ақпаратқа сәйкес автоматты тәртіптемеде жүзеге асырылады.
9. Сауда-клирингілік жүйеде сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы ҚБЖ пайдаланушысының "C" СКШ пайдалана отырып жасайтын мәмілелер үшін мұндай уәкілетті сауда-саттыққа қатысушыға "C" СКШ нөміріне сәйкес келетін 2-деңгейдегі "I" СКШ ашылады.
10. Биржаның қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысына 2-ші деңгейдегі "S" СКШ, 2-ші деңгейдегі "I" СКШ, 2-ші деңгейдегі "O" СКШ ашуды Биржа "C" СКШ ашқаннан кейінгі келесі жұмыс күні, мыналар биржаға жіберілгеннен кейін жүзеге асырылады:
  - 1) ҚБЖ пайдаланушысының биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша ресімделген, өзі тағайындаған сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы жасасқан мәмілелер расталатын және/немесе орындалатын клирингілік клиенттік кастодиандық шотқа қатысты сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыны тағайындау туралы өтініші;
  - 2) сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының мәмілелері осы Тәртіпке 0-1 қосымша Нысаны бойынша ресімделген ҚБЖ пайдаланушысының тиісті клирингілік клиенттік кастодиандық шотын пайдалана отырып орындалатын Екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шотты тіркеу туралы өтініші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

11. Биржаның валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа қатысушыға **"S" СКШ** ашуы оны валюта нарығының қаржы құралдарымен сауда-саттыққа жіберген күнге дейін бір жұмыс күні бұрын автоматты тәртіптемеде жүзеге асырылады.

Биржаның валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттығына қатысушыға **"L" СКШ** ашуы, осы Тәртіпке 0-2 қосымшаның нысаны бойынша ресімделген, мәмілелер соның клиенттерінің есебінен орындалатын клиенттік агрегацияланған сауда-клирингілік шот ашу туралы өтінішті Биржа алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, жүзеге асырылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
12. Биржаның туынды құралдар нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа қатысушыға өзінің және/немесе клиенттік сауда-клирингілік шотын ашуы Биржаның осы Тәртіпке 0-3 қосымшаның нысаны бойынша ресімделген туынды құралдар нарығында сауда-клирингілік шот ашу туралы өтінішті алған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

13. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйеде жасалатын мәмілелер үшін сауда-саттыққа қатысушыға бір "S" СКШ, бір "L" СКШ және шектеусіз "I" СКШ/ "O" СКШ саны ашылады.

ҚБЖ пайдаланушысының қатысуымен қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде жасалатын мәмілелер үшін сауда-саттыққа қатысушыға бір "K" СКШ және шектелмеген "C" СКШ саны ашылады.

Валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде жасалатын мәмілелер үшін сауда-саттыққа қатысушыға бір "S" СКШ және шектеусіз "L" СКШ саны ашылады.

Деривативтер нарығының сауда-клирингілік жүйесінде жасалатын мәмілелер үшін сауда-саттыққа қатысушыға меншікті және клиенттік шоттардың шектеусіз саны, сондай-ақ бір меншікті тарату және бір клиенттік тарату сауда-клирингілік шоттары ашылады.
14. Сауда-саттыққа қатысушы мәмілелерді бөлу және қамтамасыз ету мақсатында бірнеше 2-деңгейдегі "S" СКШ, 2-деңгейдегі "I" СКШ, 2-деңгейдегі "O" СКШ ашуға өтініш беруге құқылы.
15. АҚШ долларынан ерекшеленетін шетел валютасында 1-деңгейдегі "S" СКШ / "L" СКШ/ "I" СКШ/ "K" СКШ / "C" СКШ/ "O" СКШ, сондай-ақ 2-деңгейдегі "S" СКШ /"L" СКШ/ "I" СКШ/ "O" СКШ Биржа процедураларды жүзеге асыру кезеңінде төлем агентінің жүргізілген төлемдер туралы хабарламасы негізінде өз бетінше ашады.
16. ОК қатысатын мәмілелер мен операциялар бойынша клирингі және есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын және оған сәйкес келетін "+" қамтамасыз ету шотымен және KASE бөлімімен байланысты сауда-клирингілік шот "+" сауда-клирингілік шоты (бұдан әрі – "+" СКШ) болып табылады.
17. Клирингі жүзеге асыру және Орталық депозитарийге ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысуларды орындау үшін құжаттар беру үшін пайдаланылатын және қамтамасыз ету нөмірі бойынша оған тиісті «0» шотына байланысты сауда-клирингілік шот "0" сауда-клирингілік шотын (бұдан әрі – "0" СКШ) білдіреді.
18. ОК-сыз сатып алу-сату мәмілелерін жасау, сондай-ақ нөмір бойынша Репо бөлімімен байланысты сату-сатып алу бағыты бар ОК-сыз осындай операцияның затын сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын сауда-клирингілік шот "R" сауда-клирингілік шотын (бұдан әрі – "R" СКШ) білдіреді.
19. Биржаның қор нарығының сауда-саттыққа қатысушысына "0" СКШ, "R" СКШ ашуы сауда-саттыққа қатысушының мәмілелер жасау/ОК-сыз репо операцияларын жүзеге асыру үшін сауда-клирингілік шот ашуға өтініш беруі негізінде осы Тәртіптің 1 қосымшасының нысаны бойынша жүзеге асырылады.
20. Биржаның қор нарығының сауда-саттыққа қатысушысына "0" СКШ, "R" СКШ жабуы тиісті шот бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда:
  - тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушының осы Тәртіпке 1 қосымшаның нысаны бойынша берілген "0" СКШ, "R" СКШ жабу туралы өтініші негізінде; не
  - нөмір бойынша олармен байланысты "S" СКШ, "I" СКШ, "C" СКШ, "O" СКШ жабылған жағдайда автоматты түрде; не
  - Клирингілік қатысушының "0" СКШ, "R" СКШ бір жылдан астам операциялар болмаған жағдайда биржа дербес түрде жүзеге асырылады.

21. Биржаның қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа қатысушыға "S" СКШ, "L" СКШ, "I" СКШ, "O" СКШ, "K" СКШ, "C" СКШ сауда-клирингілік шоттарын жабуы:
- тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда Орталық депозитарийден түсетін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоттың жабылғаны туралы ақпарат; не
  - тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда сауда-саттыққа қатысушыны қор нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айыру туралы ақпарат негізінде жүзеге асырылады.
22. Биржаның қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа қатысушыға/сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыға сауда-клирингілік шоттарын 2-деңгейдегі "S" СКШ, 2-деңгейдегі "I" СКШ, 2-деңгейдегі "O" жабуы тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда:
- 1) нөмір бойынша олармен байланысты "S" СКШ, "I" СКШ, "C" СКШ жабылған жағдайда автоматты түрде;
  - 2) ҚБЖ пайдаланушысының өтініші бойынша ашылған, биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша ҚБЖ пайдаланушысының клирингілік шотына қатысты сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыны ауыстыру туралы өтініші негізінде [\(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#);
  - 3) АҚШ долларынан ерекшеленетін шетел валютасындағы табысты беру жөніндегі процедуралар аяқталған жағдайда автоматты түрде жүзеге асырылады.
23. Биржаның валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде "S" СКШ сауда-саттығына қатысушыны жабуы сауда-саттыққа қатысушыны осы шот бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда валюта нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырған күннен бастап жүзеге асырылады.
- сауда-саттыққа қатысушыға валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде "L" СКШ жабуды Биржа осы шот бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда жүзеге асырады:
- сауда-саттыққа қатысушыны валюта нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырған күннен бастап немесе
- Биржа тиісті клиенттік агрецияланған сауда-клирингілік шотты жабу қажеттілігі туралы еркін нысанда өтініш алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей.
- [\(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#)
24. Биржаның деривативтер нарығының сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттыққа қатысушыға өзінің және тарату сауда-клирингілік шоттарын жабуы сауда-саттыққа қатысушыны тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырған күннен бастап жүзеге асырылады.
- Биржаның туынды құралдар нарығының сауда-клирингілік жүйесінде клиенттік сауда-саттыққа қатысушысына сауда-клирингілік шоттарының жабылуы осы шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда жүзеге асырылады:

сауда-саттыққа қатысушы туынды құралдар нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырылған күннен бастап, немесе

Биржа тиісті клиенттік сауда-клирингілік шотты жабу қажеттілігі туралы еркін нысанда өтініш алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

**6 бап. Қор нарығында МП сауда-клирингілік шоттарын ашу және жабу тәртібі**

1. Қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын МП шартына қосылған әрбір клирингілік қатысушы үшін Биржа мүліктік пулдың сауда-клирингілік шоттарының мынадай түрлерін ашады және жүргізеді:
  - 1) мыналардың жиынтығы болып табылатын МП жеке сауда-клирингілік шоты (бұдан әрі – **"S" МП СКШ**)
    - МП жеке сауда-саттық шоты;
    - МП жеке сауда-саттық шотына нөмір бойынша байланысты МП жеке клирингілік шоты;
  - 2) мыналардың жиынтығы болып табылатын МП-дың (бұдан әрі – **"I" МП СКШ**) клиенттік сегрегацияланған сауда-клирингілік шоты:
    - клиенттік сегрегацияланған МП сауда-саттық шоты;
    - МП клиенттік сегрегацияланған сауда-саттық шотына нөмір бойынша байланысты 1-ші деңгейдегі МП клиенттік сегрегацияланған клирингілік шоты;
  - 3) мыналардың жиынтығы болып табылатын агрегацияланған жайғасымдарды есепке алу үшін МП клиенттік сауда-клирингілік шоты (бұдан әрі – **МП "O" СКШ**):
    - жайғасымдарды жиынтық есепке алу үшін МП клиенттік сауда-саттық шоты;
    - жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін МП клиенттік сауда-саттық шотымен нөмір бойынша байланысты, МП жайғасымдарды агрегацияланған есепке алуға арналған клиенттік клирингілік шот.
2. ҚБЖ пайдаланушысы болып табылатын әрбір клирингілік қатысушы үшін қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде Биржа, мыналардың жиынтығы болып табылатын, клиенттік сегрегацияланған кастодиандық сауда-клирингілік шотын (бұдан әрі – **МП "C" СКШ**) ашады және жүргізеді:
  - клиенттік сегрегацияланған кастодиандық МП сауда-саттық шоты;
  - клиенттік сегрегацияланған кастодиандық МП сауда-саттық шотына нөмір бойынша байланысты клиенттік сегрегацияланған кастодиандық МП клирингілік шоты.
3. Биржаның МП "S" СКШ, МП "I" СКШ, МП "O" СКШ, МП "C" СКШ клирингілік қатысушысына МП сауда-клирингілік шотын ашу клирингілік қатысушының осы Тәртіпке 2 қосымшаның нысаны бойынша өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.
4. Ашылған кезде МП "S" СКШ, МП "I" СКШ, МП "O" СКШ, МП "C" СКШ әрқайсысы оған сәйкес СКШ "+" шотының нөмірі мен түрі бойынша байланысады.
5. МП сауда-клирингілік шоттарын (бұдан әрі – МП СКШ) ашу кезінде Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде тиісті МП-ға енгізілген қаржы құралдарымен



мәмілелер жасасу нәтижесінде туындайтын міндеттемелер мен талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін нөмір бойынша МП-ның есеп айырысу ұйымдарында ашылған тиісті есеп айырысу кодтарымен: МП қамтамасыз ету шотымен және GCGlobal бөлімімен байланысады.

6. Биржа қалыптастыратын мүліктік пулдардың әрқайсысына жеке МП СКШ ашылады.
7. Биржа МП СКШ-ны ашуды тек ашық қолданыстағы СКШ "+" түрі бойынша сәйкес болған жағдайда ғана жүзеге асырады.
8. Биржаның сауда-клирингілік жүйеде қор нарығының клирингілік қатысушысына МП "S" СКШ, МП "I" СКШ, МП "O" СКШ, МП "C" СКШ сауда-клирингілік шоттарын жабуы мыналардың негізінде жүзеге асырылады:
  - тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда, клирингілік қатысушының осы Тәртіпке 2 қосымшаның нысаны бойынша берілген МП сауда-клирингілік шотын жабу туралы өтініші; немесе
  - тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда Биржа Басқармасының қор нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айыру туралы шешімі.

*(Осы бап Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

#### **7 бап. МП сауда-клирингілік шоттарын жүргізу тәртібі**

*(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

1. Қаржы құралдарының қозғалысын көрсететін сауда-клирингілік жүйедегі жазбаларды, сондай-ақ сауда-клирингілік шоттар, сондай-ақ МП сауда-клирингілік шоттары бойынша қаржы құралдарын есептен шығару немесе есепке жатқызу жөніндегі жазбаларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) клирингке қатысушылар немесе есеп айырысу ұйымы ұсынатын, электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы келіп түсетін және қаржы құралдарын есепке алу және есептен шығару операцияларының жасалғанын растайтын тиісті үзінділер мен өзге де төлем құжаттары;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылардың талаптары мен міндеттемелерінің мәндерін көрсете отырып, клиринг нәтижелері туралы есептер немесе өзге де құжаттар;
  - 3) өтініште көрсетілген операцияны Биржа жүзеге асыруы мүмкін болған жағдайда клирингілік қатысушылардың өтініштері;
  - 4) сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-клирингілік жүйесіне берген өтінімдері;
  - 5) сауда-саттыққа қатысушылар сауда-клирингілік жүйеде жасаған мәмілелер;
  - 6) сауда-клирингілік жүйеде сауда-саттыққа қатысушылар жасаған аударымдар болып табылады.
2. сауда-клирингілік шоттарында және МП сауда-клирингілік шоттарында қаржы құралдарын есепке алу және есептен шығару операцияларын көрсету жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғаннан және өңдегеннен кейін ағымдағы жұмыс күнінен кешіктірмей автоматты режимде жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген сауда-клирингілік шоттар бойынша қаржы құралдарын есепке алу және есептен шығару операцияларының күні осындай құралдардың қозғалысын жүзеге асыру күні, клиринг нәтижелері туралы құжатта немесе клирингілік қатысушының өтінішінде көрсетілген күн болып табылады.
4. Ақшалай есеп айырысу операцияларын орындау тиісті біріктірілген есепке алу шоты бойынша жүзеге асырылады.
5. Сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын, ішінара қамтамасыз ету шарттарында мәмілелер жасасуға жіберілген клирингілік қатысушы клирингілік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, СКШ "+" үшін "қысқа сатуға тыйым салу" белгісін және/немесе "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салу" белгісін белгілеуге құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
6. Сауда-саттыққа қатысушы немесе Биржа берген МП-дан қаржы құралын сатуға арналған өтінім негізінде МП СКШ-дан жасалатын мәмілелер бойынша көрсетілген қаржы құралы бойынша толық қамтамасыз етумен клиринг жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. "+" СКШ ішкі есепке алуды жүзеге асыруға арналған және мынадай ақпаратты қамтиды:
  - 1) мәмілелердің, өтінімдердің, есеп айырысуларға аударымдардың, қамтамасыз ету аударымдарының және "+" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған өзге де операциялардың параметрлері туралы;
  - 2) нетто-негізде есептелетін ақша және бағалы қағаздар бойынша, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген операциялар бойынша талаптар мен міндеттемелер, сондай-ақ репо бойынша кірістерді беру және сатып алу-сату мәмілелері бойынша купондарды беру жөніндегі талаптар мен міндеттемелер, "+" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер туралы;
  - 3) "+" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер бойынша ақша бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді орындауға арналған, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде ақшаны есепке алуға арналған шоттардағы валюталар бөлінісіндегі ақша бойынша жайғасымдар туралы;
  - 4) "+" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді, "R" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде бағалы қағаздарды есепке алуға арналған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауға арналған шоттардағы әрбір бағалы қағаз бойынша жайғасымдар туралы;
  - 5) бірыңғай шектелім мөлшері туралы, бар болған жағдайда, "+" СКШ-да ескерілетін margin call мөлшері туралы;
  - 6) осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақша және бағалы қағаздар бойынша жайғасымдары ескерілетін есеп айырысу ұйымдарындағы есеп айырысу кодтары туралы мәліметтерді қамтиды.
8. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен алынып тасталған)*.
9. "+" СКШ бағалы қағаздар бойынша Орталық депозитарийден келіп түсетін клирингілік қатысушылар мен олардың клиенттерінің қор нарығындағы шоттарындағы жайғасымдары туралы ақпаратқа сәйкес қалдықтарды күн сайынғы негізде салыстырып тексеру жүзеге асырылады.

10. "0" СКШ ішкі есепті жүзеге асыруға арналған және мынадай:
  - 1) мәмілелердің, өтінімдердің, есеп айырысуларға аударымдардың, қамтамасыз ету аударымдарының және "0" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған өзге де операциялардың параметрлері туралы;
  - 2) гросс-негізде "0" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған әрбір жасалған мәміле және берілген өтінім бойынша ақша мен бағалы қағаздар бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы;
  - 3) "0" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер бойынша және және "R" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер бойынша ақша бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауға арналған шоттардағы валюталар бөлінісіндегі ақша бойынша жайғасымдар туралы;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ақша және бағалы қағаздар бойынша жайғасымдары ескерілетін есеп айырысу ұйымдарындағы есеп айырысу кодтары туралы ақпаратты қамтиды.
11. Биржа "0" СКШ бойынша қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізбейді. Клирингiлiк қатысушылар "0" СКШ бойынша қалдықтарды есепке алуды және салыстыруды дербес жүзеге асырады.
12. "R" СКШ ішкі есепті жүзеге асыруға арналған және мынадай:
  - 1) мәмілелердің, өтінімдердің, есеп айырысуларға аударымдардың, қамтамасыз ету аударымдарының және "R" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған өзге де операциялардың параметрлері туралы;
  - 2) гросс-негізде "R" СКШ пайдалана отырып жасалған әрбір мәміле және берілген өтінім бойынша ақша мен бағалы қағаздар бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы;
  - 3) "0" СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелер бойынша және "R" СКШ пайдалана отырып жасалған мәмілелер бойынша бағалы қағаздар бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауға арналған шоттардағы әрбір бағалы қағаз бойынша жайғасымдар туралы;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ақша және бағалы қағаздар бойынша жайғасымдары ескерілетін есеп айырысу ұйымдарындағы есеп айырысу кодтары туралы ақпаратты қамтиды.
13. Биржа "R" СКШ бойынша қалдықтарын салыстырып тексеруді жүргізбейді. Репо бөліміндегі қалдықтарды жүргізуді және есепке алуды Орталық депозитарий жүзеге асырады.
14. МП СКШ ішкі есепті жүзеге асыруға арналған және мынадай:
  - 1) МП СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған мәмілелердің, өтінімдердің және өзге де операциялардың параметрлері туралы;
  - 2) МП СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген операциялар бойынша нетто-негізде есептелетін ақша мен бағалы қағаздар бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы;
  - 3) МП СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде ақшаны есепке алуға, оның ішінде клирингiлiк қатысу сертификаттарын шығару үшін қамтамасыз етуге арналған мәмілелер бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді орындауға арналған шоттардағы валюталар бөлінісіндегі ақша бойынша жайғасымдар туралы;
  - 4) МП СКШ көрсете отырып жүзеге асырылған, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде бағалы қағаздарды есепке алуға, оның ішінде клирингiлiк қатысу сертификаттарын шығару үшін қамтамасыз етуге арналған мәмілелер

бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді орындауға арналған шоттардағы әрбір бағалы қағаз бойынша жайғасымдар туралы;

- 5) МП СКШ-да ескерілетін, МП бойынша бірыңғай шектелімнің мөлшері туралы, болған кезде margin-call мөлшері туралы *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 6) осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақша және бағалы қағаздар бойынша жайғасымдары ескерілетін есеп айырысу ұйымдарындағы есеп айырысу кодтары туралы;
  - 7) Орталық депозитарий беруге тапсырманы орындаған берілген клирингiлiк қатысу сертификаттарының номиналдық құнының, Орталық депозитариймен жақын арадағы өзара іс-қимыл барысында беруге жататын клирингiлiк қатысу сертификаттарының номиналдық құнының, Орталық депозитариймен жақын арадағы өзара іс-қимыл барысында өтелуге жататын клирингiлiк қатысу сертификаттарының номиналдық құнының кіріс мәні туралы және ағымдағы берілген клирингiлiк қатысу сертификаттарының номиналды құнының мәні туралы ақпаратты қамтиды.
15. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен алынып тасталған)*.
  16. МП СКШ қаржы құралдары бойынша Биржа клирингiлiк қатысушылар мен олардың клиенттерінің Орталық депозитарийден келіп түсетін қор нарығындағы шоттарындағы жайғасымдары туралы ақпаратқа сәйкес қалдықтарды күнделікті негізде салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

**8 бап.**

**Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Тәртіпке өзгертулер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуі үшін сауда-саттық бөлімшесі жауапты болады.
2. Осы Тәртіп қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.

Осы Тәртіп қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қарауға жатады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

Басқарма төрайымы

А. Ө. Алдамберген

Сауда-клирингілік  
шоттарды ашу, жүргізу  
және жабу тәртібіне

**0-1 қосымша**

*(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**Екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шот ашу туралы  
сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының**

**ӨТІНІШІ**

Осымен [сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының толық атауы] сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде клирингілік шотты [өзінің клирингілік шотының №]/[бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының атауы] пайдалана отырып жасалатын мәмілелер орындалатын екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шотты ашуды сұрайды.

Биржаның ішкі құжаттарында баяндалған бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс ережелерімен танысқанымызды растаймыз.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, инициалдары]

Сауда-клирингілік  
шоттарды ашу, жүргізу  
және жабу тәртібіне

**0-2 қосымша**

*(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**Валюта нарығында клиенттік агрегацияланған сауда-клирингілік шот ашу  
туралы сауда-саттыққа қатысушының**

## **Ө Т Н І Ш І**

Осымен [валюталық нарық сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан ASTS+ (валюталық нарық) сауда-клирингілік жүйесінде [санын көрсету] агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шот(тар) ашуды сұрайды.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, инициалдары]

Сауда-клирингілік  
шоттарды ашу, жүргізу  
және жабу тәртібіне

**0-3 қосымша**

*(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**Деривативтер нарығында сауда-клирингілік шот ашу туралы  
сауда-саттыққа қатысушының**

**ӨТІНІШІ**

Осымен [деривативтер нарығы сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан SPECTRA сауда-клирингілік жүйесінде мынадай деректемелері бар [меншікті/клиенттік] сауда-клирингілік шот ашуды сұрайды:

№	Сауда-клирингілік шоттың деректемелері	
1.	Бірегей сәйкестендіру нөмірі <sup>1</sup>	
2.	Клиент тұрпаты <sup>2</sup>	Жеке тұлға <input type="checkbox"/> Заңды тұлға <input type="checkbox"/>

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, инициалдары]

<sup>1</sup> Бірегей сәйкестендіру нөмірі сауда-саттыққа қатысушыға "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіпке сәйкес беріледі.

<sup>2</sup> Деректеме сауда-саттыққа қатысушы клиенттік сауда-клирингілік шот ашқан жағдайда толтырылады.

Сауда-клирингілік шоттарын  
ашу, жүргізу және жабу  
тәртібіне

1 қосымша

**Қор нарығында орталық контрагенттің қатысуынсыз мәмілелер жасау және/немесе репо операцияларын жүзеге асыру үшін клиенттік бөлектелген сауда-клирингілік шотын ашуға/жабуға**

## **Ө Т І Н І Ш**

Осымен [қор нарығының сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ орталық контрагенттің қатысуынсыз мәмілелер жасасу/репо операцияларын жүзеге асыру үшін ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мынадай клиенттік бөлектелген сауда-клирингілік шоттарын ашуды/жабуды сұрайды:

Клирингілік қатысушының клирингілік шотының нөмірі	Клирингілік қатысушы шотының валютасы

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Тегі, аты-жөні]



Сауда-клирингілік шоттарын  
ашу, жүргізу және жабу  
тәртібіне

**2 қосымша**

**Мүліктік пулдың сауда-клирингілік шотын ашуға/жабуға**

**ӨТІНІШ**

- ашу
- жабу

Осымен [қор нарығының сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде (қор нарығы) [мүліктік пулдың сауда-клирингілік шоты/мүліктік пулдың сауда-клирингілік шоттарын] ашуды / жабуды сұрайды:

№	Сауда-клирингілік шотының деректемелері		
	Мүліктік пулдың атауы	[меншікті/клиенттік]	Берілетін КҚС есепке алынатын KASE бөліміне байланысты сауда-клирингілік шот
1.			

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Тегі, аты-жөні]